

ӘОЖ 811.512.122+811.512.161

Қолжазба құқығында

ШОҢҒАРАЕВА ЛАУРА УӘЛИҚЫЗЫ

**БІР БУЫНДЫ ЕСІМДЕРДІҢ
ФОНЕТИКА–МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ
(Түрік және қазақ тілі материалдары негізінде)**

Мамандығы 10.02.06 — түркі тілдері

**Филология ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның**

АВТОРЕФЕРАТЫ

Қазақстан Республикасы

Алматы

2001

Жұмыс әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті түріктану кафедрасында орындалды.

Ғылыми жетекшісі — филология ғылымдарының докторы,
профессор Б.Сағындықұлы
Ресми оппоненттері — филология ғылымдарының докторы
С.Омарбеков
филология ғылымдарының кандидаты
Л.Дүйсембекова

Жетекші ұйым — Абылай хан атындағы Қазақ
Мемлекеттік халықаралық қатынастар және
өлем тілдері университеті

Диссертация 2001 жылы "28" сәуіріс сағат 14⁰⁰ де
ҚР БҒМ А.Байтұрсынұлы атындағы Ғл білімі институты
жанындағы 10.02.06 - түркі тілдері және 10.02.02 - қазақ тілі
мамандықтары бойынша филология ғылымдарының докторы
ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғалатын Д 53.38.01
диссертациялық кеңестің мәжілісінде қорғалады.

Мекенжайы: 480100 Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29-үй.

Диссертациямен ҚР Білім және ғылым министрлігінің
ғылыми кітапханасында танысуға болады (480100 Алматы қаласы,
Шевченко көшесі, 28-үй)

Автореферат 2001 жылы "28" тоқсан таратылды.

Диссертациялық кеңестің

ғалым хатшысы,

филология ғылымдарының докторы Манис

Ж.А.Манкеева

ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Түбі бір түркі тілдеріндегі бір буынды есім түбірлердің дыбыстық сипаты, сөздік құрамы мен сөздік қорында айырмашылықтардан гөрі ұқсастықтардың мол болуы—заңды құбылыс. Өйткені, туыстас тілдердің даму, өзгеру, қалыптасу заңдылықтары ортақ. Демек, түркі тілдерінің даму желісі мен жүйесін, сөздік құрамы мен құрылымының өзгеру, қалыптасу заңдылықтарын бір-бірінен оқшау қарастыруға болмайды. Әрине, белгілі бір жеке тілдің өзге тілдерден айырмашылығы болуы заңды, дегенмен негізгі тілдік жүйесі ортақ екені белгілі.

Түрік және қазақ тілдеріндегі бір буынды есімдердің фонетика-морфологиялық ерекшеліктері салыстырмалы сипатта бұрын-соңды зерттелмегендіктен, түркітанушы ғалымдардың жүйелі зерттеулеріне сүйеніп талдау жүргізу есімдерге жаңаша тұрғыда қарауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ тілі мен түрік тілінде ұшырасатын тарихи өзгешеліктердің қалыптасу сипатын анықтау—ерекше назар аударатын ғылыми істердің бірі. Түрік және қазақ тілдеріндегі бір буынды есім түбірлердің фонетикалық және морфологиялық ортақ және айырым табиғаты арнайы зерттелген жоқ.

Сондықтан да жалпы тіл білімінде болсын, түркология ғылымында болсын туыстас түркі тілдерін өзара (екеуара) салыстыра зерттеу осы жұмыстың өзектілігін белгілейді.

Оның үстіне соңғы кездегі түркі елдерінің арасындағы қоғам-әлеуметтік, тарихи-мәдени байланыстардың нығая түсуі түркология, соның ішінде қазақ тіл білімінің алдына жаңа міндеттер жүктеп, түркі тілдерін өзара салыстыра зерттеу мәселесі маңызды зерттеу саласына айналып отыр.

Көрші туыстас түркі тілдерін мектеп пен жоғары оқу орындарында оқыту кеңінен және жүйелі түрде жолға қойыла бастады. Осыған орай оқулық, оқу құралдарын дайындау да түркі тілдерін өзара салыстыра зерттеу мәселесін жедел шешуді қажет етеді.

Зерттеудің нысаны. Зерттеудің нысаны — түрік және қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстар, бір буынды есім түбірлер.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты - түрік және қазақ тіліндегі бір буынды есім түбірлердің фонетика-морфологиялық құрылымындағы ортақ ұқсас және айырым белгілерді анықтау. Осыған орай зерттеу жұмысының алдына төмендегідей міндеттер қойылады:

- қазақ және түрік тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың ортақ ұқсас және айырым белгілерін анықтау;
- қазақ және түрік тіліндегі бір буынды есім түбірлердің дыбыс құрылымындағы өзгешеліктер мен ұқсастықтардың басын ашу;
- қазақ және түрік тіліндегі бір буынды есім түбірлердің ортақ ұқсастықтарын саралап шығару;
- ортақ есімдердің семантикалық дамуы барысында жасалған туынды сөздердің сипатын көрсету;
- қазақ және түрік тіліндегі бір буынды түбірлердің түрленуіндегі (көптелуі, жіктелуі, септелуі, тәуелденуі) әр тілдің өзіне тән ерекшеліктерді айқындау.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Қазақ және түрік тіліндегі бір буынды есімдер тарихи-салыстырмалы тұрғыдан алғаш зерттеліп отыр. Сөйтіп бір буынды есімдердің фонетикалық ерекшеліктері мен ұқсастықтары жайлы жаңа нәтижелер алынды, бұрын ескерілмей келген тілдік деректер пайдаланылды. Қазақ және түрік тілдеріндегі бір буынды есімдердің түрлену жүйесі тарихи-салыстырмалы негізде талданып, көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларының әр тілге тән ерекшеліктері анықталды. Екі тілге ортақ бір буынды есімдердің семантикалық жағынан ұқсастықтары мен айырмашылықтары сараланды. Зат есім категорияларының даму бағыты айқындалып, олардағы жаңа өзгерістер толықтай сипатталды.

Зерттеудің әдістері. Зерттеудің әдісі ретінде тарихи-салыстырмалы әдіс, компоненттік талдау әдісі, диахрондық және синхрондық зерттеу әдістері алынды. Сондай-ақ, сипаттау, қажетті мәліметтерді саралау, жинақтау, қорыту әдістері де пайдаланылды.

Зерттеуге негіз болған дерек материалдар. Зерттеудің әдісі ретінде түрік және қазақ тіліндегі түсіндірме сөздіктер, көне түркі жазба ескерткіштері, қазақша-түрікше және түрікше-қазақша сөздіктер, қазіргі түрік және қазақ тіліндегі көркем әдебиет және баспасөз материалдары пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық және практикалық мәні. Зерттеудің нәтижелері қазақ, түрік фонологиясының, яғни дыбыстардың құрамы мен жүйесін анықтап, тиянақтай түсуге жәрдем беріп, салыстырма және тарихи фонетика теориясына өзіндік үлес қосады. Қазақ және түрік тіліндегі сөз просодиясының даулы мәселелерін шешуге, сонымен бірге дыбыс артикуляциясын салыстыра зерттеуге, бұл жұмыстың тікелей қатысы бар. Сөздің фонетикалық құрылымын салыстыра талдаудың амалын да көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері қазақ және түрік тілдері бойынша оқытылатын арнаулы курстарда, тарихи грамматика пәнінен дәріс оқу барысында, оқу құралдарын жазуда, тарихи-салыстырмалы

сөздік жасауда т.б. пайдалы болмақ. Қазақ-түрік лицейлері мен колледждерде, университеттерде түрік тілін оқытуда пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Бір буынды есімдерді құрылымдық жағынан талдағанда екі тілдің типологиялық ерекшеліктерімен қатар грамматикалық жүйесідегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқын байқалады.
2. Дауысты және дауыссыз дыбыстардың негізгі жүйеленуі, даму заңдылықтары ортақ. Тіл дамуында пайда болған кейбір өзгешеліктерді екі тілдің деректері айқындап бере алады.
3. Түрік және қазақ тілдеріндегі бір буынды есімдер морфологиялық сипаты жағынан бір-біріне өте жақын. Көптік, төуелдік, септік, жіктік жалғауларының тұлғалары және олардың контекстегі мағынасы мен жалпы қызметі екі тілде де ұқсас. Басқаша айтқанда, айырмашылығына қарағанда ұқсастығы басым.
4. Түрік және қазақ тілдеріне ортақ бір буынды есімдердің мағыналық дамуында айтарлықтай айырмашылықтар көрініс таппаған.

Зерттеудің методологиялық және теориялық негізі.

Түркі тілдерін зерттеушілері А.Н.Кононов, Н.А.Баскаков, Н.К.Дмитриев, Э.Севортян, Ф.Г.Исхаков, Б.Серебренников, М.А.Терентьев, Ф.П.Гайдаров, В.А.Гордлевский қазақ тілшілері С.Аманжолов, І.Кеңесбаев, К.Аханов, М.Т.Томанов, Ә.Қайдаров, Ә.Ибатов, С.Исаев, Ә.Жүнісбеков, Б.Сағдықұлы, Б.Қалиев, сонымен бірге түрік тілін зерттеуші D.Aksan, M.Ergin, A.Emre, N.Selen, İ.Ergenç, N.Koç, H.Zulfikar, M.Hengirmen және т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы.

Диссертация жұмысының негізгі мазмұны өл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің қазақ филологиясы кафедрасының мәжілісінде (1998,1999), Қазақ мемлекеттік университетінің оқытушылары мен студенттердің ғылыми теориялық конференцияларында (1999, 2000), Қазақ Қыздар педагогикалық институтының "Түркі мәселелері" атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында (2001), Қайнар университетінің "Наука и образование" атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясында (2001) баяндалды. Тақырып бойынша ғылыми журналдарда жеті мақала жарияланды.

Зерттеудің құрылымы. Диссертация кіріспе, үш тарау, қорытынды мен әдебиеттер тізімі мен қосымшадан (түрік және қазақ тіліндегі бір буынды түбір сөздердің шағын сөздігі) тұрады.

ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МАЗМҰНЫ

Кіріспеде зерттеу жұмысының өзектілігі мен нысаны, алдына қойған мақсат-міндеттері, зерттеу әдістері, зерттеу материалдары мен ғылыми жаңалығы, қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар мен жұмыстың теориялық және практикалық негізі сөз етілді.

Бірінші тарау “*Түрік және қазақ тіліндегі бір буынды есім түбірлердің зерттелуі*” деп аталады. Бұл тарауда бір буынды есім түбірлердің түркітану ғылымында, оның ішінде түрік және қазақ тіл білімінде зерттелу жайы сөз болады.

Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттелуі А.Вамбериден басталады. Түркі тілдерінің тарихын зерделеуде автор есім мен етістік оморфизімін жеке-дара бөліп алмай, олардың даму жолын аффиксациямен байланыстырып қарастырады. Ғалымның пайымдауынша, ата тілде етістік пен есім сөз таптары ретінде бөлінбей, синкреттік сипатта болған.

Шетелдік тіл білімінде бір буынды есімдерді тарихи салыстырмалы бағытта Г.И.Рамстедт, В.Банг, К.Гренбек, К.Броккельман т.б. ғалымдар зерттеп, әр түрлі ғылыми-теориялық пікірлер айтқан. Алтаист ғалымдардың еңбектерінде түркі тілдері кең сипатта зерттеу нысанына айналмағанымен, жалпы теориялық бағытта бірқыдыру пікірлер айтылады.

Түбірлер туралы алғашқы ғылыми мәлімет М.Қашқари еңбегінде кездеседі. Ал, қазақ тілінде ғылыми бағытта зерттеле бастауы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерінен басталады. Ғалым “буыншы өріптер” деп дауысты дыбыстарды атайды да, “буындардың бір өріптілері және екі өріптілері” деп жіктейді. “Түбір сөз дегеніміз — бастапқы мағынасындағы, бастапқы түлғасындағы сөз”, — деген анықтаманы алғаш ұсынған да А.Байтұрсынұлы (1,154).

Түркітану ғылымында бір буынды есімдер туралы зерттеу еңбектер бергін келе шыға бастады. Кейін ұйғыр, қырғыз, түркімен, құмық, хақас, татар, өзбек, якут, чуваш т.б. түркі тілдеріндегі бір буынды есімдер жан-жақты зерттеу нысанына айналды.

Ал түрік тілінің зерттелу тарихы орта ғасырдан-ақ басталғаны белгілі. Шартты түрде біз түрік тілінің зерттелу жүйесін екіге бөліп қарастырамыз:

1. Орыс тілі біліміндегі түрік тілінің зерттелу жайы.
2. Түркиядағы түрік тілінің зерттелу жайы.

Орыс тіл біліміндегі түрік тілінің зерттелу жайын өңгіме еткенде А.Н.Кононовтың “Грамматика современного турецкого литературного языка” атты еңбегін баса айту қажет. Бұл қазіргі түрік тілінің грамматикасын, фонетикасы мен лексикологиясын толық зерттеген тұңғыш еңбек болып табылады. Г.Алекберлин мен

Г.Р.Мирза-задениң “Учебник турецкого языка”, Ф.П.Гайдаровтың “Учебник турецкого языка”, С.Майзельдің “Учебник турецкого языка” т.б. деңгейінде жазылған еңбектер тағы бар. Бұл еңбектер де қазіргі түрік тілінің деректері негізінде жазылған.

Ал түрік тіл білімінде есімдердің теориясы кенже қалған. Түрік ғалымдары негізінен фонетика және морфология саласына көп көңіл бөлген. Бұл бағытта М.Ergin, A.Emre, İ.Ergenç, T.Banguoğlu, H.Zulfikar, M.Hengirmen, N.Selen т.б. ғалымдар еңбек еткен. Қазақ тіл біліміндегідей көлемді ғылыми-теориялық мәселелерді қамти алмағанымен, түрік ғалымдары есімдердің фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктерінің басын ашып, сипаттап отырған.

Қазақ тіл білімінде есімдердің әр түрлі бағыттарына байланысты өзіндік зерттеу дәстүрі қалыптасқан. Есімдерді зерттеуге А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, М.Томанов, Ә.Ибатов, Ә.Қайдаров, Е.З.Қажыбеков, Ә.Төлеуов, А.Хасенова, Ж.Манкеева т.б. ғалымдар үлкен үлес қосты.

Осы салада бір буынды көне түбірлердің тарихын бағамдайтын кандидаттық еңбектер жазылған. Олар жоғарыда аталған ғалымдардың ойларын дерекнама негізінде тереңдете түседі. М.Сабыровтың “Құтыбтың “Хусрау уа Шырын” поэмасының тіліндегі реликт тұлғалар (XIV)”, А.Құрманалиеваның “Қазақ тіліндегі гомогенді омонимдердің табиғаты” т.б. көптеген зерттеулер осы бағытта жазылған.

Тегі мен бастау көзі бір болғандықтан да түркі тілдерінің жалпы сипаты, негізгі қалыптасу жолы ортақ екенінде күмән жоқ. Қазіргі түркі тілдері арасында тілдік ерекшеліктер мол болғанымен, тарихи зерттеулер о баста ондай өзгешеліктердің аз болғанын көрсетеді. Мұның өзіндік ішкі заңдылығы бар. Тілдер дамуының көне бастауында етістік және есім негізді түбірлер ортақ болады да, біртіндеп олар өзіндік тұлғалық және мағыналық түр-сипатқа ие бола бастайды.

Ендеше қазақ тілі мен түрік тілінің арасындағы туыстық бірлік пен кейінгі ерекшеліктердің негізгі табиғатын тарихи динамикалық дамудың барысымен түсіндіруге болады. Тарихи қалыптасқан жағдайға сәйкес, әр халықтың өзіндік менталитеті мен таным-түсінігі, өмір сүрген ортасы мен әдет-дәстүрі, салты т.б. қалыптасты. Осының бәрі тілдің белгілі бір бағытта дамуына әсер етіп отырды.

Екінші тарау “Түрік және қазақ тіліндегі [бір буынды] түбірлердің фонетикалық сипаты” деп аталады. А.Н.Кононов, А.М.Щербак, Б.А.Серебренников, А.Зайончковский, Н.З.Гаджиева, Э.В.Севортян, А.Emre, H.Zulfikar, N.Koz, M.Ergin, İ.Ergenç, M.Hengirmen, N.Selen, Ц.Демірхан және т.б. ғалымдардың еңбектерінде түрік және түркі тілдеріндегі есімдердің фонетикалық ерекшеліктері жан-

жақты қарастырылады. Қазақ тіл білімінде фонетика мәселелері С.А.Аманжолов, К.Аханов, І.Кеңесбаев, Ж.А.Аралбаев, Ә.Жүнісбеков, С.Омарбеков, С.Мырзабеков және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған, бұл салада белгілі бір теориялық жүйе қалыптасқан.

Назар аударатын тағы бір жайт түрік және қазақ тіліндегі өліпби мәселесі болып отыр. Қазақ жазуы 1929 жылға дейін араб графикасын, ал 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын графикасын қолданса, 1940 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін орыс графикасын пайдалануда (2,3). Түрік жазуы да көне болып саналмайды. 1928 жылдан бастап араб өліпбиінің орнына латын өліпбиі алынды (3,28).

Сонымен, қазіргі таңда қазақ жазбасы кирил алфавитін, түрік жазбасы латын алфавитін қолдануда. Сондықтан да екі тілдің жазуы арасында әр түрлі айырмашылықтар бар. Мұның өзі зерттеу және тіл үйрету жұмыстарында қиындық тудыратыны сөзсіз.

Қазіргі қазақ тіл білімінің ғылыми әдебиеттерінде дауысты және дауыссыз дыбыстардың саны әр түрлі болып белгіленіп жүр. Мысалы, қазақ тілінің тарихи грамматикасында 8 дауысты бар деп берілген. С.Мырзабеков көптеген пікірлерді қорыта келіп дауысты дыбыстардың саны туралы былай деп жазады: “Қазақ тілінің байырғы құрамында тоғыз дауысты дыбыс бар. Мұны ешкім жүде жоққа шығара алмайды”. Осы пікірге біз де тоқтаймыз (4,33).

Көне түркі жазба ескерткіштерінде дауыссыз дыбыстардың саны 16-17-ден аспайды. Фонетика оқулықтарында қазіргі қазақ тілінде дауыссыз дыбыстардың саны 25 деп көрсетілген. Ал Ә.Жүнісбеков тілімізде он жеті дауыссыз дыбыс бар дейді.

Сондай-ақ түрік тіліндегі дауысты дыбыстардың саны мен сапасы жайында да біраз алшақтықтар бар. Бір топ ғалымдар сегіз, тоғыз десе, енді бір топ ғалымдар он алты дейді. Дегенмен түрік тіліндегі дауысты дыбыстардың саны сегіз, дауыссыз дыбыстар жиырма бір деген пікір дұрыс сықылды (3,56-61; 6,16).

Көне түркі тіліндегі дауысты-дауыссыздардың құрамы туралы біз қазақ ғалымдарының пікіріне сүйенеміз. Қазіргі тілдердегі кейбір дыбыстар тілдің кейінгі дамуы барысында екі түрлі жолмен қалыптасқан:

1. Тілдің ішкі дамуындағы өзгерістерге байланысты;
2. Өзге тілдермен қарым-қатынас жасаудың әсерінен кірме дыбыстар енуі себебінен.

Қазақ тілінде дауысты дыбыстар екі жолмен жіктеледі: оның бірі - физиологиялық классификация, екіншісі - акустикалық классификация.

Түрік тілінде дауысты дыбыстардың классификациясы үш түрге бөлінеді: біріншісі - сөйлеу, яғни сөйлеу мүшелерінің

қатысына байланысты; екіншісі — есту (құлақ) мүшелерінің қатысына байланысты; үшіншісі — акустикалық классификация.

Екі тілде де дауысты дыбыстар сөйлеу мүшелерінің қатысы мен қалпына қарай үш топқа жіктеледі:

- 1) тілдің қалпына (қызметіне) қарай;
- 2) еріннің қатысына (қызметіне) қарай;
- 3) жақтың ашылу қалпына қарай топтастырылады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың топтастырылуы:

- ә - жіңішке, ашық, езулік
- а - жуан, ашық, езулік
- е - жіңішке, (жартылай) ашық, езулік
- ы - жуан, қысаң, езулік
- і - жіңішке, қысаң, езулік
- о - жуан, (жартылай) ашық, еріндік
- ө - жіңішке, (жартылай) ашық, еріндік
- ұ - жуан, қысаң, еріндік
- ү - жіңішке, қысаң, еріндік

Түрік тіліндегі дауысты дыбыстардың топтастырылуы:

- a - kalın, geniş, düz (жуан, ашық, езулік)
- e - ince, geniş, düz (жіңішке, ашық, езулік)
- ı - kalın, dar, düz (жуан, қысаң, езулік)
- i - ince, dar, düz (жіңішке, қысаң, езулік)
- o - kalın, geniş, yuvarlak (жуан, ашық, еріндік)
- ö - ince, geniş, yuvarlak (жіңішке, ашық, еріндік)
- u - kalın, dar, yuvarlak (жуан, қысаң, еріндік)
- ü - ince, dar, yuvarlak (жіңішке, қысаң, еріндік)

Қазақ тілінің дауысты дыбыстарын түрік тілімен салыстырғанда кейбір өзгешеліктер байқалады. Ә.Жүнісбеков өз еңбегінде: “Как показали результаты экспериментально-фонетического анализа, [e], [o] и [ö] — монофонемные ложные восходящие дифтонги ...”, - деді (5,17). Ал С.Мырзабеков осы о, ө, е дауыстыларын жақтың қатысына қарай жартылай ашық дауыстылар деп жазды (4,37). Түрік тілінде дауысты дыбыстардың саны қазақ тіліне қарағанда аз, қазақ тіліндегі ө дыбысы түрік тілінде жоқ және қазақ тіліндегі і дыбысы түрік тілінде кездеспейді. Бұл дыбыс түрік тіліндегі *ı* (ы) мен *i* (и) дыбыстарының ортасындағы аралық дауысты дыбыс болып саналады. Ендеше орнына түрік тілінде *ı* (ы) және *i* (и) фонемалары қолданылады. Мысалы: *din* (дін), *dil* (тіл), *kişi* (кісі), *siz* (сіз), *demir* (темір), *hani* (көні), *hazır* (өзір).

Түрік ғалымдарының біразы дауыссыз дыбыстарды үш топқа жіктесе, кей ғалымдар екіге бөліп қарастырған. Біз болсақ, Анкара университетіндегі проф. İclal Ergenç ұсынған дауыссыз дыбыстардың классификациясына сүйендік.

Ғалым дауыссыздардың жалпы сапалық құрылымын былайша жіктеп көрсетеді:

- 1) Шығу жолына қарай (сөйлеу мүшелерінің өзара жуысу амалы);
- 2) Шығу орнына қарай (жасалу орны);
- 3) Дауыс шымылдығына қарай (дауыс қатысы) —

деп үш топқа бөлген.

Шығу жолына қарай дауыссыз дыбыстар былайша бөлінеді:

- а) Шұғыл дауыссыз дыбыс: b, d, g, p, t, k
- ә) Кеңсірік жолды дауыссыз дыбыс: m, n
- б) Соғылмалы дауыссыз дыбыс: r
- в) Жақтың тарылуына қарай жасалатын дауыссыз дыбыс: l
- г) Ызың дауыссыз дыбыс: c, ç, f, h, j, s, ş, v, y, z

Шығу орнына қарай дауыссыз дыбыстар былай жіктеледі:

- а) Еріндік дауыссыз дыбыс: b, m, p
- ә) Ерін мен тіс дауыссыз дыбысы: f, v
- б) Тіл ұшы — тіл арты дауыссыз дыбысы: d, t
- в) Тіл ұшы- тіс еті дауыссыз дыбысы: n, r, s, z
- г) Тіл-тамақ алды дауыссыз дыбысы: c, ç, j, ş, y
- д) Тіл ұшы- тамақ алды дауыссыз дыбысы: l
- е) Тіл-тамақ арты дауыссыз дыбысы: k, g
- ж) Көмей дауыссыз дыбысы: h

Дауыс шымылдығына қарай дауыссыз дыбыстардың жіктелуі:

- а) Өтүмлі (ұяң): b, d, g, c, j, v, z, m, n, l, r, y
- ә) Өтүмсүз (қатаң): p, t, k, ç, f, s, ş, h

Қазақ тілінің дауыссыз дыбыстар жүйесін К.Аханов (7,222-226), С.Мырзабеков (8,57-58) былай жіктейді:

А. Дауыстың қатысына қарай

- а) Ұяң: б, ғ, г, д, ж, з
- ә) Қатаң: қ, к, т, п, с, ш
- б) Үнді: л, м, н, ң, р, й, у

Ә. Айтылу жолына қарай

- а) Шұғыл: п, б, т, д, г, к, қ, н, ң
- ә) Ызың: в, ф, ғ, с, ш, х, з, ж, һ, л, й, у
- б) Діріл: р

Б. Жасалу немесе айтылу орнына қарай:

1. Ерін (лабиаль):

- а) ерін-еріндік (билабиаль): б, м, п
- ә) ерін мен тіс (лабиоденталь): ф, в

2. Тіл алды:

- а) тіс (денталь) т, д, с, з, н, л
- ә) тіл ұшы (альвеоляр): ч, ш, р, ж

3. Тіл ортасы: й

4. Тіл арты: қ, г, ғ, ң

5. Көмей: h

Сонымен, қазақ және түрік тілінде дауыссыз дыбыстар акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай үш топқа жіктелінген. Бірақ түрік тілінде дауыссыздар шығу жолына қарай беске бөлінген болса, қазақ тілінде дауыстың айтылу жолына қарай тек үшке бөлінген.

Жасалу орнына қарай (түрік тілінде шығу орнына қарай) екі тілдің классификациясында өзгешеліктерден гөрі ұқсастықтар басым.

Түрік тілінде дауыс шымылдығына қарай екіге бөлініп қарастырылса, қазақ тілінде дауыссыздар дауыстың қатысына қарай үшке бөлініп қарастырылған.

Ғ, Қ — дауыссыздар қазақ тіліне тән, түрік тілінде кездеспейді.

Көне түркі тілінде сөз соңында кездесетін ғ дыбысының қазақ тілінде бірнеше айтылым варианты бар:

1) Ғ дыбысы буын құрамайтын дауыссыз у дыбысына алмасқан. Мысалы: *бағ-бау, тағ-тау, сағ-сау, йағ-жау, ағыр-ауыр, ағыз-ауыз, бағыр-бауыр, йадағ-жаяу т.б.*

2) Кей сөздердің құрамындағы ғ дауыссызы й -ге алмасқан: *йығ-жый, бағла-байла т.б.*

3) Сөз соңында ғ дыбысы түсіріліп айтылады: *сарығ-сары, кіші-кіші, суғ-су т.б.*

4) Бір буынды сөз соңындағы ғ дыбысы қатаң қ дыбысына ауысып қолданылады. Мысалы: *тағ-тақ, бағ-бақ, сағ-сақ т.б.*

Негізінен ғалым, ғажайып, ғұмыр, ғашық, тағдыр т.б. сияқты араб-парсы тілінен енген сөздерде кездеседі. Түркі тілдеріндегі сөздерде бұл дыбыс сөздің соңында кездеспейді.

Ğ — дыбысы түрік тіліне тән дыбыс. Түрік тіліндегі тілшілердің жасаған зерттемелері бойынша Ğ дыбысы дыбыс ерекшелігін көрсетпегендігі дәлелденген.

Түрік тіліндегі С дауыссызы екі (д+ж) дыбыстан құралған аффрикат дыбыс болып табылады. У(й) түрік тілінде жартылай дауысты дыбыс болып саналады. Шығу орны и дыбысына жақын болғандықтан, дауыстының түсіп қалуына да себеп болады.

Сонымен түрік тілі мен қазақ тілінің дыбыс жүйесіндегі дауыссыз дыбыстарды салыстыра отырып мынандай қорытындыға келдік. Түрік тілі оғыз тобына, қазақ тілі қыпшақ тобына жататындықтан бұл аталған тілдердің дыбыстық жүйесінде бірқыдыру айырмашылықтар бар екен. Дегенмен салыстырылып отырған екі тілдің фонетикалық жүйесінде айырмашылығынан гөрі ұқсастығы, жақындығы мол. Дауысты дыбыстар мен дауыссыз дыбыстар арасындағы фонологиялық желісі ұқсас, бірыңғай.

Қазіргі түрік және қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың арасында мынадай тәрізді өзгешеліктер анықталды.

Мысалы: Бір буынды түбірлердің басында қолданылатын түрік тіліндегі **b(б)** орнына қазақ тілінде **м** қолданылады:

ben - мен	burun - мұрын
bol - сен	boyun - мойын
bin - мың	
buz - мұз	

Бір және екі буынды сөздердің түрік тіліндегі алғашқы буынында қолданылатын **d(д)** дыбысының орнына қазақ тілінде **т** дыбысы жүреді:

dil - тіл	demir - темір
dar - тар	derin - терең
dur - тұр	
dar - тар	

Бір және екі буынды түбір сөздердің алғашқы буынында қолданылатын түрік тіліндегі **y(й)** дыбысының орнына қазақ тілінде **ж** дыбысы жүреді:

yol - жол	yürek - жүрек
yer - жер	yalan - жалаң
yaz - жаз	
yıl - жыл	

Бір буынды түбір сөздердің соңғы буынында қолданылатын түрік тіліндегі **ğ(ғ)** дыбысының орнына қазақ тілінде **у** дыбысы жүреді:

bağ - бай
sağ - сау
dağ - тау

Түрік тілінде буын соңында қолданылатын **lk, rk, rs, rz** сияқты дыбыс тіркестерінің арасында қазақ тілінде **а, і, ы** дауысты дыбыстары қыстырылып айтылады:

halk - халық
kırk - қырық
ters - теріс
tarz - тараз
mülk - мүлік
farz - парыз

Түрік тілінде бір және екі буынды сөздердің алғашқы, **iшкі** және соңғы буынында қолданылатын **ş(ш)** дыбысының орнына қазақ тілінде **с** дыбысы айтылады:

su - сол	şangır-şungur - салдыр-сулдыр
baş - бас	başlamak - бастау
kaş - қас	karşı - қарсы
taş - тас	
yaş - жас	

Түрік тілінде бір буынды сөздердің басында және соңында және екі буынды сөздердің ортасында қолданылатын **з(ч)** дыбысының орнына қазақ тілінде **ш** дыбысы айтылады:

çöl – шөл	kazak – қашқын
çık – шық	gözmek – көшу
hiç – еш	

Түрік тілінде бір және екі буынды сөздердің басында қолданылатын **h** дыбысы қазақ тілінде не **а**, **ә**, **е** болып айтылады:

hal – әл	hafta – апта
her – әр	haram – арам
hem – әрі	hakikat – ақиқат
	hiçbir – ешбір
	hesap – есеп

Түрік тілінде екі буынды сөздердің ортасында қолданылатын **к(к)** дыбысының орнына қазақ тілінде **ғ** не **г** дыбыстары айтылады:

akım – ағым
akmak – ағу
zikmak – шығу
sakız – сағыз

Түрік тілінде бір және екі буынды сөздердің алғашқы буынында қолданылатын **g(г)** дыбысының орнына қазақ тілінде **к** дыбысы айтылады:

gel – кел	gelecek – келешек
gün – күн	gümüş – күміс
geç – кеш	
gemi – кеме	
geri – кері	

Түрік тілінде бір және екі буынды кейбір сөздердің алғашқы буынында қолданылатын **v(в)** дыбысының орнына қазақ тілінде **б** дыбысы айтылады:

var – бар	varlık – баршылық
ver – бер	varmak – бару

Сонымен, қорыта айтқанда, түрік тілі мен қазақ тілінің фонетикалық құрылымы мен жүйесі бір-бірінен аса алшақ кетпеген.

Үшінші тарау “Түрік және қазақ тілдеріне ортақ бір буынды есім сөздердің морфологиялық түрлену ерекшеліктері” деп аталады.

Түрік тілінде екі түрлі жалғау бар деп есептелінеді: çekim (аффиксы словоизменения) және уарım ekleri (аффиксы словообразования). Çekim eklerine (аффикс словоизменения) кіретін

жалғаулар: *çoğul* (көптік), *iyelik* (тәуелдік), *ad durum ekleri* кейбір оқулықтарда *isim hal ekleri* (септік), *ilgi eki*: *-ki* жалғауы.

Көптік жалғау түрік және қазақ тілінде тек зат есімге ғана жалғанатын жалғау емес, ол басқа сөз таптарына да жалғана беретіні белгілі: *мына+лар, келген+дер, булар, сондайлар, қарағандар, жазғандар, сақтанғандар, сүйенгендер, сүйінгендер, осылар; түрік тілінде болса: oturanlar, gelenler, bunlar, kendiler, doymayanlar* т.б.

1. Түрік тіліндегі *(-lar, -ler)* көптік жалғаулары, қазақ тіліндегідей зат есімге, есімдіктерге жалғана береді. Мысалы: *insanlar* (адамдар), *biz+ler* (біздер), *kendi+ler* (өздері).

2. Сан есім мен үстеуге көптік жалғау жалғанбайды. Түрік тілінде көптік жалғау сан есімдерден кейін жазылатын есімдерге жалғанбайды: *birkaç çocuk* (бірнеше бала), *on adet kitap* (он кітап). Ал *bu, şu, o* (бұл, сол, ол) сияқты есімдіктерден кейін арасына *-n* (*-н*) дауыссыз дыбысы қосылады: *bu+n+lar, şu+n+lar, o+n+lar*.

3. Көптік жалғаулар мен тәуелдік жалғаулардың алдында жазылады: *kitap+lar+ım, el+ler+i* (қол+дар+ы).

4. Көптік жалғаудан соң септік жалғауы жалғана береді. Мысалы: *çiçek+ler+i basmayınız* (гүлдерді баспаңыз), *çocuklar sınıf+lar+dan çıkıyorlar* (балалар сыныптардан шығып жатыр).

5. Кейбір сөйлемдерде көптік жалғау екі рет айтылмайды: *çocuklar genştir(ler)- çocuklar genştir* (балалар жас), *insanlar oturuyor(lar)- insanlar oturuyor* (адамдар отыр).

Дәл осындай ерекшеліктер қазақ тіліндегі көптік жалғауға да тән.

Демек, бұдан шығатын қорытынды салыстырылып отырған екі тілдегі көптік жалғауының жалпы семантикалық сипаты мен олардың мағыналық даму жүйесі ортақ.

Қазақ тілінде тәуелдік категориясы үш түрлі тәсіл арқылы жасалады деп анықталады. Олар мыналар:

1. Морфологиялық тәсіл — *-ікі, -дікі, -мікі* жұрнағы арқылы; тәуелдік жалғауы арқылы беріледі.

2. Синтаксистік тәсіл. *Біз, сіз* есімдіктеріне ілік септік қосымшасын жалғап, оған анықталатын (иеленетін) заттың атын білдіретін сөзді ешбір қосымшасыз-ақ тіркестіру арқылы жасалады.

3. Аралас тәсіл — алғашқы (анықтаушы) компонентінің есімдіктер ғана емес, басқа есімдіктерден де бола беретініндегі жағынан және соңғы компонентінің үнемі тәуелдік жалғаулы сөз болатындығы жағынан таза синтаксистік тәсілден басқалау (9,48-49).

Ал түрік тілінде тәуелдік жалғау — *iyelik eki* деп аталады. Түрік тілінде қазақ тіліндегідей тәуелдік жалғау (*iyelik eki*) меншікті білдіреді де, тек зат есімге жалғанады. Түрік тіліндегі тәуелдік категориясының берілу сипаты төрт түрлі тәсіл арқылы жасалады:

1. Морфологиялық төсіл. Мұның екі түрлі жолы бар: а) төуелдік жалғауы арқылы; ө) -і (-лы) аффиксі арқылы.

2. Морфология-синтаксистік төсіл арқылы. Зерттеушілер бұл төсілге төуелдік жалғаудың тұлғасы мен есімдіктің ілік септік жалғаулы түрін жатқызады. Сондай-ақ III-изафет арқылы көрініс табатын төуелдік, меншіктік мағына да осы төсіл арқылы анықталады.

3. Синтаксистік төсіл. Ілік жалғаулы жіктеу есімдігінің көмегімен берілетін төуелдік, меншіктік мағына.

4. Морфология-лексикалық төсіл. Меншік мағыналы есімдіктер мен зат есімнің көмегі арқылы беріледі.

Мұндағы негізгі айырмашылық тілдік материалда емес, олардың ғылыми тұрғыдан талдануында. Түрік ғалымдарының зерттеулерінде морфологиялық төсілдің тұлғалық сипаты өзінше көрсетіледі.

Буынның соңы дауысты дыбысқа аяқталғанда, мынадай төуелдік тұлғалар жалғанады:

Жекеше түрі	Көпше түрі
1-жақ. — m	- mız, -mız
2-жақ. — n	- nız, -nız
3-жақ. — sı, -si	- ları

Буынның соңы дауыссыз дыбысқа аяқталғанда, мынадай төуелдік тұлғалар жалғанады:

Жекеше	Көпше
1-жақ. -ım, -im, -um, -üm	-ımz, -imiz, -umuz, -ümüz
2-жақ. -ın, -in, -un, -ün	-ınız, -iniz, -unuz, -ünüz
3-жақ. -ı, -i, -u, -ü	-ları, -leri

Байқап отырғанымыздай, қазақ тілімен салыстырғанда ұқсастықтар көп. Ең алдымен, қазақ тіліндегі төуелдік жақтың бірінші, екінші, үшінші жағындағы *-ым, -ім, -м* (-ım, -im, -m), *-ң, -ың, -ің* (-п, -ш, -in), *-сы, -сі* (-sı, -si) және *-і, -і, -у, -ü* түрінде қолданылады. Көпше түрінде *-ları, -leri* сипатындағы көптік тұлға мен төуелдіктің тұлғасы қолданылады.

Қазақ тілі ғылыми грамматикасында *-лы, -лі* тұлғасы төуелдік жалғау ретінде танылмайды. Бұл тұлға зат есімнен сын есім тудырушы тұлға деп есептеледі.

Түрік тіліндегі *-і* (i, -i, -ı) төуелдік мағынасын беретін тұлға кейде сын есім ретінде аударыла береді. Мысалы: *pembe yankıdı, avlak şehreli, simsiyah izüm gözli*.

Түрік тіліндегі морфология-синтаксистік төсілде *ben, biz, siz* есімдіктерін ғана бөліп алмайды, барлық есімдіктер мен ілік жалғауының жалғанып келіп төуелді болатын нысанды

айқындайтын тіркесті жатқызады. Тәуелдік мағына туғыза алатын жіктеу есімдігінің парадигмасын былайша көрсетуге болады:

Benim	Bizim
Senin	Sizin
Onun	Onların

Ілік жалғаулы жіктеу есімдігі өзі анықтайтын сөзбен тіркесе келіп, оның тәуелдік жалғауда тұруын талап етеді. Мысалы:

Benim günüm	Bizim günümüz
Senin günün	Sizin gününüz
Onun günü	Onların günü

Түрік тіліндегі морфологиялық-синтаксистік мұндай тәсіл екі жағдайда жиі қолданылады:

1. Сөйлеу барысында морфологиялық тәсіл арқылы адам ойын жеткізу мүмкін болмаған жағдайда. Мысалы: “doktorum” дегенді “менің дәрігерім” деп те, “мен дәрігермін” деп те түсінуге болады. Ал “benim doktorum” деген тіркес тек қана “менің дәрігерім” деген мағына бере алады.

Gölüm- Benim gölüm	Көлім – менің көлім.
Güüm- Benim güüm.	Күшім – менің күшім.
İpim – Benim ipim	Жібім – менің жібім
Kızım – Benim kızım	Қызым – менің қызым

2. Стилистикалық өң үстеу үшін де жұмсалады. Мысалы: Benim hayatımda sizin kadar teskübe yok. (Менің өмірімде сіздікіндей тәжірибе жоқ). Бұндай қолданыстар бүгінгі көркем әдебиетте жиі кездесе береді.

Егер қазақ тілінде *-nîkî*, *-dîkî*, *-mîkî* жұрнақтары морфологиялық тәсілге жатқызылып, тәуелдік жалғауымен бір сипатта қарастырылса, түрік тіліндегі *-kî* аффиксі өзінше жеке ерекше бір тәсіл ретінде анықталады. Түрік тіліндегі *-kî* (ilgi eki) аффиксінің жалғану ерекшелігі – ол ілік септігінен кейін жалғанады. Мысалы:

Жекеше түрі

1. Benim	Benimki
2. Senin	Senin ki
3. Onun	Onunki

Көпше түрі

1. Bizim	Bizimki
2. Sizin	Sizin ki
3. Onların	Onların ki

Ал қазақ тіліндегі *-nîkî* жұрнағының жалғану сипаты бұдан өзгешерек. *-Nîkî* жұрнағының генезисі туралы нақты айтылған ғылыми пікірлер бар, олардың барлығы да негізінен бір пікірге келіп саяды. Яғни ілік септігінің жалғауына *-kî* жұрнағы жалғану арқылы *-nîkî* формасы қалыптасқан деген ғылыми тұжырым. Бұдан

шығатын қорытынды қазақ тіліндегі *-нікі* формасы түрік тіліндегі *-кі* формасымен генетикалық жағынан туыс, жақын. Тек қана қазақ тілінде бұл тұлға тарихи таңба ретінде дамып, ілік жалғауымен тұтасып кеткен де, түрік тілінде өзінің бұрынғы тарихи жалғану қалпын сақтап қалған. Ендеше қазақ тілінде *-кі* аффиксі жалғанғанда, алдындағы *-ның*, *-нің* формасымен тұтасып, *-нікі* тұлғасында қалыптасқан. Сонда қазақ тіліндегі *-нікі* тұлғасы арқылы туындайтын мағына меншіктік, иелік мағына болады да, жеке немесе зат иеленуші субъектіден бұрын қолданылады.

Мысалы: Менікі	Біздікі
Сенікі	Сендердікі
Сіздікі	Сіздердікі
Оныкі	Олардікі

Немесе: кітап біздікі, мектеп оқушылардікі, дәптер Мараттікі, қалам Мұхиттікі, жер Қазақстандікі, бала ананікі т.б.

-Нікі тұлғасының өзі жалғанған сөзге қосатын мағынасы туралы түркітануда әр түрлі көзқарастар бар. Кей ғалымдар бұл тұлғаның мағынасы арқылы жалғанған сөз сын есімге айналады десе, кейбір ғалымдар керісінше заттық мағына үстеледі деп есептейді.

Ал қазақ тіліндегі *-нікі* тұлғасы негізінен зат есімдер мен есімдікке, заттанған өзге де сөз таптарына жалғанып, тек тәуелділік мағына береді. Өзге мағына туғыза алмайды. Мысалы: *өзімдікі, онікі, баланікі, ананікі, мынанікі, оқығандікі, келгендікі, кешегінікі* т.б. Мұндағы сөздердің барлығы да *-нікі* тұлғасы жалғанбай тұрып-ақ семантикалық жағынан контексте өзгеріске түсіп, заттанған тілдік бірліктер деп бағаланады.

Тәуелдік жалғауы түрік және қазақ тілінде кейде экспрессивті-эмоциялық көңіл күйді білдіру үшін де қолданыла береді. Мысалы: *айым-ауым, күнім-гүлім, қызым-кızım, бабам-babam, ұлым-oğlum, басым-başım, жаным-canım, гүлім-gülüm* т.б. Тәуелдік жалғауы жалғанған сөздерде адам сезіміне әр түрлі эмоциялық ықпал жасап, әр түрлі экспрессивтік әсер етеді. Сөйтіп тыңдаушыға жақсы көру, ұнату, сүйу сезімдерін жеткізуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, түрік және қазақ тілінің тәуелдік категориясы тұлғалық және мағыналық жағынан бір-бірімен өте жақын, шығу тегі мен тарихи дамуы ұқсас категориялар ретінде саналады. Тәуелдік категориясы түрік тілінде өзінің тарихи дамуын әлі күнге дейін толық сақтап отырса, қазақ тіліндегі тұлғалар форма жағынан өз алдына дамыған. Бұл ең алдымен қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауларының дыбыстық варианттарынан анық байқалады. Яғни тәуелдік жалғауының екінші жағындағы *балан, келінің, оқушың, қызың, ұлың* т.б. сөздердегі *-ң* дыбысының келуі әуелгі *-н* дыбысының дамыған кейінгі тұлғасы. Тілдік деректер *-н*

дыбысының бұрын, ал -н дыбысының кейін дамып пайда болғанын көрсетеді.

Ата түрік тілі тарап, жеке түркі тілдері қалыптасып шыққан кезеңде түркі тілдерінде барлығы алты септік жалғауы болған.

Қазіргі қазақ тілінде септік жалғауының жеті түрі бар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес.

Түрік тілінде септік жалғауы — *isim hal ekleri* не *ad urum ekleri* деп аталады. Негізінде түрік тілінде — жеті септік жалғауы (*isim hal ekleri*) бар. Дегенмен түрік тілші ғалымдарының арасында септік жалғауларын бөлуде бірізді пікір жоқ.

Кейбір түрік тілшілері, мысалы М. Hengirmen (3,277) түрік тіліндегі септік жалғауды беске бөлген. Ал Н. Zulfikar (6) түрік тілінде жеті септік жалғаудың бар екендігін көрсеткен.

Ал А. Н. Кононовтың пікірінше, түрік тіліндегі септік жалғауының саны — алтау (10).

Дауыссыз дыбыстан кейін:

Негізгі септік:	Формасы болмайды
Ілік септік:	-ın, -in, -un, -ün
Барыс септік:	-a, -e
Табыс септік:	-ı, -i, -u, -ü
Жатыс септік:	-da, -de, -ta, -te
Шығыс септік:	-dan, -den, -tan, -ten

Дауысты дыбыстан кейін:

Негізгі септік:	Формасы болмайды
Ілік септік:	-nın, -nin, -nun, -nün
Барыс септік:	-ya, -ye
Табыс септік:	-yı, -yi, -yu, -yü.
Жатыс септік:	-da, -de, -ta, -te
Шығыс септік:	-dan, -den, -tan, -ten.

Дауысты дыбыстан кейін келген септік жалғауының сипаты:

Негізгі септік:	kız	gül
Ілік септік:	kızın	gülün
Барыс септік:	kıza	güle
Табыс септік:	kızı	gülü
Жатыс септік:	kızda	gülde
Шығыс септік:	kızdan	gülden

Дауыссыз дыбыстан кейін келген септік жалғауының сипаты:

Негізгі септік:	dede
Ілік септік:	dedenin
Барыс септік:	dedeye
Табыс септік:	dedeyi
Жатыс септік:	dedede

Шығыс септік: dededen

Түрік тілінің септік жалғауының өзара аталуы мен бөлінуі мынадай:

Yalın (Kim? Ne?)	
Belirtme (Kimi? Neyi?)	(Кімді? Нені?)
Yünelme (Kime? Neye?)	(Кімге? Неге?)
Kalma (Kimde? Nerede?)	(Кімде? Неде?)
Zıkma (Kimden? Nereden?)	(Кімнен? Неден?)
Tamlayan (Kimin? Neyin?)	(Кімнің? Ненің?)
Eşitlik (Kimce? Nece?)	(Кімше? Неше?)

Мысалы:

Yalın	-
Belirtme:	sınıfı, evi, okulu, köyü
(-ı, -i, -u, -ü)	
Yünelme:	sınıfa, eve, okula, köye
(-a, -e)	
Kalma:	sınıfta, evde, okulda, köyde
(-da, -de, -ta, -te)	
Zıkma:	sınıftan, evden, okuldan, köyde
(-dan, -den, -tan, -ten)	
Tamlayan:	sınıfın, evin, okulun, köyün
(-ın, -in, -un, -ün)	
Eşitlik	babamca, sence
(-ca, -ce)	

Ал қазақ тіліндегі септік жалғауларының тарихи даму жолы мен қалыптасу сипаты түрік тілімен бірдей болғанымен ішінара өзіндік айырмашылығы да болады. Қазақ ғалымдары септік жалғауының жалғану жүйесі мен оның мағыналық және тұлғалық сипатын терең зерттеген. Қазақ тілінде септіктің әсіресе формалық жүйесіне көп көңіл бөлінген. Қазақ тіл білімінде септіктер ең алдымен жай септеу және тәуелді септеу деп екіге бөлініп көрсетіледі. Мұның өзі жай септеу мен тәуелді септеудің арасында тұлғалық жағынан айырмашылық барын дәлелдейді.

Түрік тіліндегі септік жалғаулар көптік жалғаудан кейін келгенде де, тәуелдік жалғауынан кейін келгенде де өзгеріске түспейді. Тек жіктеу есімдіктерінің септелуінде өзіндік айырмашылықтар кездеседі. Мысалы:

Көптік жалғауының септелу үлгісі:

	Қазақ тілінде:		Түрік тілінде:
Атау:	үйлер	Yalın:	evler
Ілік:	үйлердің	Tamlayan:	evlerin
Барыс:	үйлерге	Yünelme:	evlere
Табыс:	үйлерді	Belirtme:	evleri
Жатыс:	үйлерде	Kalma:	evlerde

Шығыс:	үйлерден	Çıkma:	evlerden
Көмектес:	үйлермен	Eşitlik:	sence

Тәуелдік жалғауынан кейін септелу үлгісі:

Көпше түрінде:

	Қазақ тілінде		Түрік тілінде
Атау:	үйлеріміз	Yalın:	evlerimiz
Ілік:	үйлеріміздің	Tamlayan:	evlerimizin
Барыс:	үйлерімізге	Yönelme:	evlerimize
Табыс:	үйлерімізді	Belirtme:	evlerimizi
Жатыс:	үйлерімізде	Kalma:	evlerimizde
Шығыс:	үйлерімізден	Çıkma:	evlerimizden
Көмектес:	үйлерімізбен	Eşitlik:	sizlerce

Жекеше түрінде:

Атау:	кітабым	Yalın:	kitabım
Ілік:	кітабымның	Tamlayan:	kitabımın
Барыс:	кітабыма	Yönelme:	kitabıma
Табыс:	кітабымды	Belirtme:	kitabımı
Жатыс:	кітабымда	Kalma:	kitabımda
Шығыс:	кітабымнан	Çıkma:	kitabımdan
Көмектес:	кітабыммен	Eşitlik:	babmca

Есімдіктердің септелу үлгісі мынадай болады:

	Қазақ тілінде:		Түрік тілінде:
Атау:	мен сен	ben	sen
Ілік:	менің сенің	benim	senin
Барыс:	маған саған	bana	sana
Табыс:	мені сені	beni	seni
Жатыс:	менде сенде	bende	sende
Шығыс:	менен сенен	benden	senden
Көмектес:	менімен сенімен		

Жіктік жалғауы туралы жазылған түркологиялық еңбектер мол. Ал түрік тілі мен қазақ тіліндегі жіктік жалғауының ұқсастығы мен ерекшелігі туралы салыстырмалы зерттеулер әзірге жоқ. Сондықтан біз ғылымдағы бар тұжырымдарға сүйене отырып, екі тілдегі нақты тілдік материалдарды салыстырумен шектелеміз.

Түркі тілдеріндегі жіктік жалғауы жіктеу есімдіктерінің негізінде пайда болған деген пікір түркітануда даусыз қалыптасқан. Яғни жіктік есімдігінің мен тұлғасы арқылы *-мын, -мін, -бын, -бін, -пын, -пін* тұлғалары дамып қалыптасса, *сен* сөзі арқылы *-сын, -сың, -сін, -сің* тұлғалары, *сіз* сөзі арқылы *-сыз, -сіз* тұлғалары пайда болған

Жіктік жалғауының қазіргі түркі тілдеріндегі жалғану үлгісінде осы сияқты аздаған өзгешеліктер мен айырмашылықтар. Айталық салыстырылып отырған қазақ тілі мен түрік тілінің өзінде мынадай айырма бар:

1. II-жақтың -сыз тұлғасы түрік тілінде ұшыраспайды;

2. III-жақтың көптік жалғаулы түрі негізінен қыпшақ тобындағы тілдерге, оның ішінде қазақ тіліне де тән құбылыс болып табылады.

Сонымен, қазақ және түрік тілдеріндегі зат есімдерге жалғанатын жіктік жалғауының өзіндік өзгешеліктері бар. Бұл тіл дамуының кейінгі кезеңінде қалыптасқан ерекшеліктер. Зат есім, басқа сөз таптарымен салыстырғанда, өзгеріске өте жиі түскен сөздік қабат. Сондықтан да зат есімдер тілдің дамуы барысында көнеріп немесе жаңа қолданыстағы зат есім сөздер пайда болып жатады. Есім сөз таптарының ішінде, біздің зерттеуіміздің нәтижесіне қарағанда, мынадай сөздер өзгерістерге аз түсіп, өзінің байырғы мағынасын сақтап қалған. Олар:

1. Адамның дене-мүше атаулары;
2. Туыстық атаулар;
3. Еңбек құралдары атаулары;
4. Төрт түлік мал атаулары;
5. Табиғи құбылыстар атаулары;
6. Негізгі сын атаулар;
7. Адам баласы үнемі қолданатын тағам атаулары;
8. Кейбір абстракциялық атаулар;
9. Еліктеуіш сөздер.

Қазақ және түрік тілдеріндегі бір буынды зат есімдердің морфологиялық сипаты бір-біріне жуық. Фонологиялық және морфологиялық кейбір ерекшеліктерге қарамастан, бір буынды есім түбірлердің мағыналық құрылымы мен көп мағыналылығы да өзара сәйкес. Бір буынды есім түбірлер гомогендік жолмен дамығандықтан, барлық түркі тілдерінде өзінің мағыналық жақындығын сақтаған. Түрік тіліндегі бір буынды есімдер мен қазақ тіліндегі бір буынды есім сөздердің тура (номинативті) мағынасын салыстырып, бір-бірінен ешқандай айырмашылық таба алмадық.

Диссертация соңында шағын сөздік ретінде қосымша берілді. Онда екі тілдегі бір буынды түбірлер бір-бірімен салыстырылды. Мысалы: *аз-аз, ау-ай, аяқ-аяқ, ақ-ақ, ап-аң, ас-ас, ат-ат, ат+latak-atmay, адит-адым, ав-ау, аз-аш, баз-баз, бағи-бағы, бал-бал, бағ-бағ, бел-бел, без-без, бір-бір, бес-бес, бил-бил, бин-мың, боз-боз, бит-бит, бой-бой, боғ-бос, бол-мол, бу-бұл, вар-бар, геғ-кеш, гүл-гүл, гері-кері, ген-кен, гир-кір, гел-кел, гөз-көш, гөк-көк, гүн-күн, гөл-көл, гөз-көз, гүс-күш, сағ-сақ, дағ-мау* т.б. Кестеден біз жоғарыда көрсеткен ұқсастықтар мен айырмашылықтар айқын аңғарылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. —Алматы: Ана тілі, 1992. -154 Б.
2. Түймебаев Ж. Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш. — Алматы, 1991. —3-8 Б.
3. Hengirmen M. Türkçe Dilbilgisi. —Ankara, 1995, -51-56 S.
4. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілі фонетикасы. —Алматы: Қазақ университеті, 1987. -33-37 Б.
5. Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. —Алматы: Наука, 1980. —17 Б.
6. Zulfikar H. Yabancılar için Türkçe Dilbilgisi.- Ankara, 1980. -16 S.
7. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. —Алматы: Санат, 1993. — 222-226 Б.
8. Мырзабеков С. Қазақ тілінің дыбыс жүйесі. —Алматы, Сөздік-Словарь, 1999. -57-58 Б.
9. Ысқаков А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. —Алматы: Ана тілі, 1991. - 48-49 Б.
10. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. Москва: Наука, 1956. -10-11 С.

Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған еңбектер:

1. Түрік тілі мен қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың ұқсастықтары және айырмашылықтары // Қазақ университеті // ҚазМУ Хабаршысы // Шығыстану факультеті. –Алматы, 1999. № 11. – 27-30 Б.
2. Түрік және қазақ тілдеріндегі септік жалғауы // Қазақ тілі мен әдебиеті. –Алматы, 2000. № 8. –52-54 Б.
3. Түрік және қазақ тілдеріндегі дауыссыз дыбыстар // Қазақ тілі мен әдебиеті. –Алматы, 2000. №13. –46-53 Б.
4. Түрік және қазақ тілдеріндегі бір буынды есім түбірлердің зерттелуі // Қазақ университеті. ҚазМУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2000. № 9 (43). –96-105 Б.
5. Түрік тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер // Қазақ тілі мен әдебиеті. –Алматы, 2000. № 12. –29-30 Б.
6. Түрік тілі мен қазақ тілі арасындағы кейбір фонетикалық айырмашылықтар // “Түркі мәселелері” атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары // Қазақ Қыздар педагогикалық институты. –Алматы, 2001.
7. Түрік және қазақ тілдеріндегі көптік жалғауы // “Наука и образование” атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалы // Қайнар университеті. –Алматы, 2001. –704-708 Б.

РЕЗЮМЕ

Шонгараева Лаура Уәлиқызы

Фонетико-морфологическая характеристика односложно-коренных существительных в казахском и турецком языках.

Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук по специальности 10.02.06 – тюркские языки

Диссертационная работа посвящена сравнению фонетико-морфологической характеристики односложно-коренных существительных в казахском и турецком языках.

Работа состоит из введения, трех глав, заключения, библиографии и приложения.

Актуальность данного исследования состоит в сравнительном анализе фонетико-морфологической структуры односложных имен существительных в казахском и турецком языках.

Соответственно, новизна исследования заключается в изучении конкретного фактического материала, ранее не привлеченного к анализу и специальному исследованию.

В первой главе диссертационной работы изучены особенности использования общих односложно-коренных существительных в развитии и становлении отдельных тюркских языков, в том числе турецкого и казахского языков. Изучены также пути изменения фонетико-морфологической роли односложно-коренных существительных.

Во второй главе проведен сравнительный анализ фонетических особенностей в казахском и турецком языках. При характеристике фонетических отличий, отмечается влияние различий графики, используемой в сравниваемых языках (латинский алфавит в турецком, кириллица в казахском). Проведен ряд исследовательских работ по фонетическим свойствам двух языков, где и был определен ряд отличительных и положительных признаков, с последующими примерами.

В третьей главе определяются морфологические свойства односложно-коренных существительных в турецком и казахском языках. На основе сравнительного исследования фактического материала, рассмотрены семантико-морфологическая структура, вариантность и особенности.

В заключении подведены основные итоги исследования.

RESUME

Shongaraeva Laura Ualikizi

**The phonetical and morphological description of the
monosyllabically based nouns in kazakh and turkish languages.**

**At the competition academic degree of candidat's philological science
Specialiti 10.02.06 - turkic languages**

This Dissertation is devoted to the comparison of the phonetical and morphological description of the monosyllabically based nouns in kazakh and turkish languages.

The work consists of introduction, three chapters, conclusion, bibliography and enclosure.

The actuality of this analysis consists in comparable analysis of phonetical and morphological structure of monosyllabically based nouns in kazakh and turkish languages.

Accordingly, novelty of the research consists in studying concrete factual material, which has not been brought to analysis and special research earlier.

The first chapter of the Dissertation deals with the peculiarities of using common monosyllabically based nouns in the history of turkic languages, including turkish and kazakh languages. Also the ways of changing of the phonetical and morphological role of the monosyllabically based nouns were studied.

In the second chapter the comparative analysis of the phonetical features in kazakh and turkish languages is adduced. The Roman alphabet is used in turkish language, but kazakh is based on Cyrillic alphabet and so it is not difficult to determine their phonetical differences. A number of research works were made about phonetical features of two languages, where several different and positive characteristics with the following examples were determined.

In the third chapter the morphological peculiarities of monosyllabically based nouns in turkish and kazakh languages were defined. The morphological structure, variance and properties were compared in details, and also semantic meaning of the common monosyllabically based nouns in two languages were examined.

The main results of the research were brought in the conclusion.

Подписано в печать 22.08.2001 г.
Бумага "Polspeed". Формат бумаги 60х84 1/16.
Гарнитура "Таймс". Печать – RISO.
Заказ № 102. Обложка – Galery Art Gloss.
Усл. печ. л. 1,5. Тираж 100 экз.

Отпечатано в компьютерно-издательском центре АГУ им. Абая
(480100, Алматы, пр. Достык, 13)